

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігінің
Спорт және дене шынықтыру
істері комитетінің
төрағасы



Р.Б. Есеналин

2025 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстандық Гандбол Спорт
Федерацияларының Қауымдастығы»
Қауымдастық заңындағы заңды
тұлғалар және жеке кәсіпкердің
бірлестігінің президенті



Г.И. Турлыханова

«1»

2025 ж.

**2025 жылға арналған
қол добынан жастар,
кіші жастар және жасөспірімдер арасында
Қазақстан Республикасының чемпионаттарын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

I.Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері.

№	Спорттық шаралардың атауы	Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу күні мен орны
1.	2008 ж.т. және одан кіші жасөспірім қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	21-27 мамыр Қызылорда қ.
2.	2011 ж.т. және одан кіші жасөспірім қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	24-30 маусым Шымкент қ.
3.	2012 ж.т. және одан кіші жасөспірім қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты (1-кезең)	05-12 шілде Павлодар қ.
4.	2006 ж.т.және одан кіші жас ұлдар командалары арасындағы Қазақстан Республикасының жастар чемпионаты	шілде Түркістан обл.
5.	2009 ж.т. және одан кіші юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	тамыз Астана қ.
6.	2011 ж.т. және одан кіші жасөспірім ұлдар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	тамыз Қарағанды қ.
7.	2008 ж.т. және одан кіші юниор ұлдар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	11-18 тамыз Астана қ.
8.	2010 ж.т. және одан кіші юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	22-28 тамыз Қостанай қ.
9.	2007 ж.т. және одан кіші қыздар құрамалары арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	20-26 қыркүйек Алматы обл.
10.	2007 ж. және одан кіші жастар ерлер құрамалары арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты, 2012 ж.т. және одан кіші жасөспірім ұлдар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	қыркүйек Павлодар қ.

11.	2010 ж.т. және одан кіші юниор ұлдар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	қазан Шымкент қ.
12.	2012 ж.т. және одан кіші жасөспірім қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты (2-кезең)	20-26 қазан Қандыағаш қ.
13.	Бірінші лиганың юниор қыздар құрамалары арасындағы (2009 ж.т. және одан кіші) XXXIII Қазақстан Республикасының чемпионаты (2-кезең)	қазан/қараша Астана қ.
14.	2013 ж.т. және одан кіші қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	10-17 желтоқсан Қарағанды қ.
15.	2014 ж.т. және одан кіші ұлдар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	01-07 желтоқсан Түркістан обл.
16.	2008 ж.т. және одан кіші жасөспірім ұлдар құрамалары арасындағы Қазақстан Республикасының кубогі	01-07 желтоқсан Түркістан обл.
17.	«Astana Cup» 2010 ж.т. және одан кіші жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған ашық кубогі	12-17 желтоқсан Астана қ.

II. Спорттық жарысқа қатысатын ұйымдар және қатысушылардың сандық құрамы

Қазақстан Республикасының балалар, жасөспірімдер және жастар командалары арасындағы қол добынан чемпионаттарына Алматы, Шымкент, Астана қалаларының, облыстардың, спорт клубтарының БЖСМ, МБЖСМ, ОРМБЖМ және ЖШСМ республикалық және қалалық спортқа бейімделген интернаттардың құрама командалары қатыса алады. Чемпионаттарға Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерден келген спортшылар қатысады.

1. Әр команда чемпионатқа *жеке өтінім парағына (ары қарай - ЖӨП)* 20 спортшыны, 4 жаттықтырушыны және 3 төрешіні тіркей алады. Чемпионат ойындарына команда құрамы - 16 спортшы, 2 жаттықтырушы және 2 төреші.



2. Басты төреші ресми өкілдің растауымен жарыс хаттамасынан 16 спортшыдан асатын артық тіркелген спортшыларды алып тастайды.

3. Әрбір жарысқа төрепшілер құрамы: бас төреші, бас хатшы, 2 алаң төрешісі, хатшы төреші, секундомерист төреші, табло оператор-төреші, ақпараттандыру төрешісі

4. Балалар, жасөспірімдер және жастар командалары арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаттарына жергілікті субъектілерден бас төреші және бас хатшы тағайындалады.

5. Мандаттық комиссия құрамы - 3 адам (чемпионаттың бас төрешісі, бас хатшысы және спорт істері комитетінің өкілі немесе ЗТБ «ҚГСФК» өкілі).

3. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету.

1. Спортшыны медициналық қорытынды негізінде жарыстарға қатысуға жіберу үшін ЖӨП-те әрбір спортшының аты-жөні тұсында «Рұқсат етілген» деген белгі қойылып, спорттық медицина дәрігерінің қолы мен мөрімен расталуы керек.

2. Кіші жастағы спортшылар чемпионатқа қатысу үшін қосымша медициналық анықтамалар тапсырылады.

3. Жарысты ұйымдастырушылар-клуб/команда жарыс кезінде спорттық медицина дәрігерінің тұрақты қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

4. Барлық спортшылар антидопингтік ережелерді сақтауға және WADA нормаларына сәйкес допингтік бақылауға қатысуға міндетті. Антидопинг кодексін бұзған спортшыларға WADA нормалары бойынша шаралар қолданылады (спортшыны толықтай шеттетуге дейін).

4. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары.

1. Әр команда мандаттық комиссия отырысында (бас төреші, бас хатшы, Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің өкілі немесе республикалық не жергілікті федерация өкілі) белгіленген үлгідегі атаулы өтінімді (ЖӨП) ұсынады, онда спортшының толық аты-жөні (18 спортшыдан аспайтын), ЖСН, дәрігердің жарыстарға қатысуға рұқсаты міндетті түрде көрсетілуі тиіс (әрбір спортшының аты-жөні қарсысына дәрігердің қолы мен мөрі қойылып, медициналық мекеменің мөрімен расталады). Өтінімге спорттық ұйымның мөрі мен басшысының қолы қойылуы тиіс. Қосымша әр команда техникалық өтінім тапсырады.

2. Ойынға қатысатын команда құрамы: 16 спортшыдан аспайтын және 5 спортшыдан кем емес, сондай-ақ 4 жаттықтырушыдан аспайтын және 1 жаттықтырушыдан кем емес болуы керек. Жарыстың бас төрешісі команданың ресми өкілінің келісімімен, егер спортшылар саны 16-дан асса, жарыс хаттамасынан артық тіркелген спортшыларды алып тастайды.

3. Спорт клубтары өздерінің тіркелген ойыншыларын ғана чемпионатқа қатыстыра алады.

4. Барлық жас санаттарындағы командалар құрамына, Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінен келген командалардың ойыншыларын қосуға құқығы жоқ.



5. Жеке спорттық ұйымды ұсынатын командалар әрбір спортшыға (немесе тізім бойынша) – спорттық ұйымға қабылданғаны туралы бұйрықтың үзіндісін немесе көшірмесін ұсынуы қажет..

6. 16 жасқа толмаған спортшылардың шетелдік төлқұжат түпнұсқасы (паспорт) қажет.

7. 16 жасқа жарысқа келу күні толған спортшылардың жеке куәлік немесе шетелдік төлқұжат түпнұсқасы қажет.

Егер спортшыларға жеке куәлік немесе шетелдік паспорт дайындауға арналған «түбіртектер» ұсынылса, чемпионат аяқталғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде команданың ресми өкілі құжаттың сканерленген нұсқасын PDF форматында чемпионаттың бас төрешісіне алдын ала келісілген, құжатпен бекітілген тәсіл арқылы (электрондық пошта: **kz_handball@mail.ru, Bagdat_ast@mail.ru**) жіберуге міндетті.

Егер оң шешім қабылданса, чемпионаттың бас төрешісі командалардың жинаған ұпайлары мен алған орындарына сәйкес чемпионаттың аяқталуы туралы баянат дайындайды. Ал, егер теріс шешім қабылданса, бас төреші чемпионаттың аяқталуы туралы баянат және дисквалификацияланған команданың ойындарын ескермей, жаңа нәтижелер кестесін жасайды. Чемпионатқа команда жіберген спорттық ұйымға қатысушылар туралы жалған ақпарат ұсынғаны үшін бас төрешіден команда чемпионаттан шығарылғаны және ойын нәтижелерінің жойылғаны туралы баянат жіберіледі.

8. Егер ересек жас санатындағы, басқа аймаққа жататын, басқа спорт клубтарында тіркелген ойыншыларды тізімге қосу және ойындарға қатыстыру фактілері анықталса, команда дисквалификацияланады, ойын нәтижелері жойылады, команданың жаттықтырушылары Қазақстан Республикасының балалар мен жасөспірімдер және жастар командалары арасында қол добынан чемпионаттарда команда басқару құқығынан 1 жылға шеттетіледі. Команданың іссапар шығындарын өтеу команданың ресми өкіліне жүктеледі.

9. Команданы жіберген ұйымдар келесі шығындарды өз мойнына алады: жол жүру, жол шығындары, тамақтану, тұру, қатысушылардың өмірі мен денсаулығын сақтандыру.

10. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК есебінен төрешілердің жұмыс ақысы, мемлекеттік жаттықтырушының, бас жаттықтырушының, кеңесші жаттықтырушының және аға жаттықтырушының іссапар шығындарын және марапаттау өнімдері (дипломдар, медальдар, кубоктар) шығындарын жүзеге асырылады.

5. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі.

1. Командалардың ойыншылары Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне қарасты Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің тиісті дәрежедегі медальдары және дипломдарымен марапатталады. Жеңімпаз командалардың жаттықтырушылары Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің дипломдарымен марапатталады.

2. Чемпионат жеңімпаздары мен жүлдегер командалардан 18 спортшы марапатталады.

6. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау.

1. Наразылық жарыс нәтижесіне қатысты команданың ресми өкілі жазады.
2. Наразылық жарыс аяқталғаннан кейін 60 минут ішінде беріледі.
3. Наразылықты қарау үшін дисциплинарлық комиссия құрылады: бас төреші, бас хатшы және талқылауға қатысы жоқ басқа командалардың өкілдері.
4. Шешім көпшілік дауысымен қабылданады. Егер дауыстар тең болса, төрағаның шешімі басымдыққа ие болады.
5. Апелляция бір ай ішінде каралады және соңғы шешім қабылданады.

